

Краткий агрометеорологический обзор за 1 декаду сентября 2026 года.

В первой декаде сентября в зерносеющих регионах страны на посевах яровой пшеницы и ярового ячменя продолжаются уборочные мероприятия.

В Кегенском районе Алматинской области приступили к посеву озимой пшеницы.

На востоке и севере страны на посевах подсолнечника продолжаются фазы развития «созревание»-«уборочная спелость». Состояние растений хорошее и отличное, в отдельных участках удовлетворительное.

На юге страны на полях с хлопчатником продолжаются фазы развития «раскрытие 1-й коробочки»- «созревание сырца 1-й коробочки». Состояние растений хорошее и отличное.

В Шиелийском районе Кызылординской области на посевах риса приступили к уборке урожая, а в Каратайском районе области Жетісу наблюдалась фаза развития «восковая спелость». Состояние растений хорошее.

На последний день декады на пастбищах в основном отмечается сухая дернина, сырая дернина наблюдалась на отдельных пастбищах в Актюбинской области.

Согласно данным инструментальных наблюдений за запасами продуктивной влаги в почве, по сравнению с предыдущей декадой условия увлажнения почвы в большинстве областей сохранились. В северных зерносеющих регионах страны в основном отмечаются удовлетворительные и оптимальные условия увлажнения почвы, в верхнем пахотном слое недостаток влаги. На западе запасы продуктивной влаги (ЗПВ) характеризуются неравномерностью, в Западно-Казахстанской области в полуметровом и метровом слоях наблюдается улучшение (оптимально и удовлетворительно) влагосодержания в почве, тогда как Актюбинской области практически на всех наблюдательных участках отмечались недостаточные влагозапасы. В центральных и восточных регионах страны в пахотном и полуметровом слоях запасы продуктивной влаги остаются недостаточными. В южных и юго-восточных областях на орошаемых полях, в метровом и полуметровом слоях почвы отмечались удовлетворительные и оптимальные запасы влаги.

2026 жылдың қыркүйек айының 1 онкүндігіндегі қысқаша агрометеорологиялық шолу.

Қыркүйек айының бірінші онкүндігінде еліміздің астық егетін өңірлерінде жаздық бидай мен жаздық арпа егістіктерінде егін жинау науқаны жалғасуда.

Алматы облысының Кеген ауданында күздік бидай себу жұмыстары басталды.

Еліміздің шығысы мен солтүстігінде күнбағыс егістіктерінде «пісу» – «егіндік пісу» даму фазалары жалғасуда. Өсімдіктердің жағдайы жақсы және өте жақсы, жекелеген учаскелерде қанағаттанарлық.

Еліміздің оңтүстігінде мақта алқаптарында «1-ші қауашақтың ашылуы» – «1-ші қауашақтың пісуі» даму фазалары жалғасуда. Өсімдіктердің жағдайы жақсы және өте жақсы.

Қызылорда облысының Шиелі ауданында күріш егістіктерінде егін жинау жұмыстары басталды, Жетісу облысының Қаратал ауданында «дәннің уыздануы» даму фазалары байқалады. Өсімдіктердің жағдайы жақсы.

Онкүндіктің соңғы күнінде жайылымдардың басым бөлігінде шымның құрғақ, Ақтөбе облысының жекелеген жайылымдарында шымның дымқыл күйі байқалған.

Топырақтың өнімді ылғал қорын бақылау деректеріне сәйкес, алдыңғы онкүндікпен салыстырғанда көптеген облыстарда топырақтың ылғалдану жағдайы сақталған. Еліміздің солтүстік астық егетін өңірлерінде топырақтың ылғалдану жағдайы көбінесе қанағаттанарлық және оңтайлы болған, алайда топырақтың беткі қабатында ылғал тапшылығы байқалады. Батыс өңірлерде өнімді ылғал қоры (ӨЫҚ) біркелкі болмаған. Батыс Қазақстан облысында топырақтың жарты метрлік және метрлік қабаттарында ылғал мөлшерінің жақсаруы (оңтайлы және қанағаттанарлық деңгейге дейін) байқалады, ал Ақтөбе облысында бақылау учаскелерінің басым бөлігінде ылғал қоры жеткіліксіз болған. Еліміздің орталық және шығыс өңірлерінде топырақтың беткі және жарты метрлік қабаттарында өнімді ылғал қоры жеткіліксіз болып қалуда. Оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстардың суармалы егістіктерінде топырақтың метрлік және жарты метрлік қабаттарында ылғал қоры қанағаттанарлық және оңтайлы деңгейде болған.